

Гүлнара Илиуф «Legit» адвокаттық кеңсесі адвокатының аға көмекшісі болып табылады.

Жетекші халықаралық заң фирмаларында үлкен тәжірибесі бар Гүлнара Илиуф, 2023 жылдың 1 шілдесінде «Legit» адвокаттық кеңсесіне қосылып, оның қызметіне ерекше үлес қосуда. Гүлнара Илиуф аға көмекші ретінде істерді сәтті басқарады, клиенттермен қарым-қатынас жасайды және кездесулерді үйлестіреді. Гүлнара Илиуф барлық мерзімдердің орындалуын қамтамасыз етеді және адвокаттарға жан-жақты қолдау көрсетіп, кеңсе жұмысының жоғары стандарттарға сай болуына ықпал етеді.

Ол кәсіби мансабын 2001 жылы ағылшын тілі мұғалімі болып бастады. Ол әртүрлі кезеңдерде «Әділет» жоғары заң мектебінде, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясында (ҚазБСҚА) және «Мисс Браун» лингвистикалық орталығында мұғалім болып жұмыс істеді, онда студенттерге сабақ беріп, олардың тілдік дағдыларын дамытты.

2007-2008 ж.ж «Wilson Kazakhstan» ЖШС-нде кадрлық іс жүргізу және персоналды қолдау мәселелерімен айналысты.

2008 жылдың мамыр айынан 2011 жылдың маусым айына дейін ол «BMB Munai, Incorporation» компаниясының Қазақстан Республикасындағы өкілдігінде әкімшілік менеджер қызметін атқарды. Ол қызмет барысында басшылыққа әкімшілік қолдау көрсетті, іссапарларды ұйымдастырды, клиенттердің дерекқорын басқарды, және қызметкерлерге кадрлік қолдауды жүзеге асырды, соның ішінде бұйрықтарды, еңбек шарттарын дайындау және қызметкерлердің жеке істерін жүргізу. Сондай-ақ, ол еңбек тәртібі мен еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қадағалап, кеңседе жайлы жұмыс ортасын қамтамасыз етті. Оның құжаттаманы басқару, бизнес-процестерді басқару және клиенттермен өзара әрекеттесу саласында тәжірибесі бар.

2011 жылы Гүлнара Chadborne & Parke LLP компаниясына қосылды, содан кейін Dechert Kazakhstan Limited компаниясына ауысты. Содан кейін ол Сергей Ватаевтың қол астында адвокаттың көмекшісі болып жұмыс істеді.

Гүлнара қазіргі уақытта Каспий қоғамдық университетінде жеке құқық мамандығы бойынша білім алуда.

Білімі

- «Қайнар» университеті, Алматы қ., шет тілдері факультеті, «Ағылшын тілінің аудармашысы және мұғалімі» мамандығы, 2000 ж.
- Каспий қоғамдық университеті, Әділет жоғары құқық мектебі, құқық бакалавры, «Жеке құқық» мамандығы, оқуды жалғастыруда